ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 02 желтоқсан № 1112-24-00-2/3782 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Г.М.Кубенов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ерейментау ауданының құрылыс бөлімі» ММ

ЖАУАПКЕР:
«Kaz Project Croup» ЖШС

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 117, 223-226, 267-2,267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ерейментау ауданының құрылыс бөлімі» ММ жауапкер «Kaz Project Croup» ЖШС-не сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Kaz Project Croup» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Kaz Project Croup» ЖШС 8 402 (сегіз мың төрт жүз екі) теңге тұрақсыздық айыппұл және 2 098 (екі мың тоқсан сегіз) теңге мемлекеттік баж алымын мемлекеттің пайдасына өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Кубенов Г. М., 02.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 10.01.2025, судья Кубенов Г. М., 10.01.2025
1112-24-3-1/3797

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Г. Кубенов**

Құжатқа қол қойылған: Кубенов Г. М., 02.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.01.2025, судья Кубенов Г. М., 10.01.2025

1112-24-3-1/3797